

## Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанда № 13334 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 11.08.2021 № 284 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-5) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.05.2024 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.05.2024 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" құқықтық-ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2)

және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
міндетін атқарушы

Б. Нұрымбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

2016 жылғы 28 қаңтар

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Ыдырысов

2016 жылғы

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндетін атқарушының  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 20 бұйрығына  
қосымша

**Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.05.2024 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-5) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-

бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын, шет елдердегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

3) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

4) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы-Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастардың және олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

5) қоныс аударушы-ерікті қоныс аударуды көздейтін Қазақстан Республикасының Көші-қон саласындағы заңнамасына сәйкес қоныс аударушылар мен қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушы;

6) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы-Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылардың және олардың отбасы мүшелерінің шекті саны;

7) мансап орталығы – аудандарда, облыстық және Республикалық маңызы бар қалаларда, астанада оның функцияларын орындауды жүзеге асыратын еңбек мобильділігі орталығының филиалы;

8) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту

саласындағы бағыттарды айқындайтын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы;

9) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге және электрондық нысанда көрсетілетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе;

10) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

## **2-тарау. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

3. "Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік қызметін алу үшін бұрын өңірлік квотаға енгізілмеген және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-Ө-М бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8624 болып тіркелген) бекітілген Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген шарттарда қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар, қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгеннен кейін келген қандастардың жесірлері мен олардың ортақ балалары және (немесе) ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін Қазақстан Республикасында туған балалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұратын қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар:

1) "Migration.enbek.kz" порталы;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

5. Мемлекеттік корпорация тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін және қандаста және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде "электрондық үкімет"

шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден келетін елді мекенде меншік құқығында оларға тиесілі тұрғын үйдің бар-жоғын растайтын мәліметтерді алады.

6. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген өтініш пен өтініш берушінің құжаттары келіп түскен күні оларды көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы жібереді.

Өтінішті қабылдаған мемлекеттік корпорацияның маманы қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін өтініш берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын тексереді, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес өтініш беруші ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерін қайта жаңғырту сапасын және олардың түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, одан кейін құжаттардың түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның маманы өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Өтінішті қабылдаған Мемлекеттік корпорация маманы өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

7. Веб-портал арқылы жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасы берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде "Қандастар қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы көрсетілетін қызметті алушыны "Қандас" ААЖ ақпараттық жүйесі арқылы хабардар етеді.

9. "Migration.enbek.kz" порталы арқылы берілген өтініш "Қандас" ААЖ-ға келіп түседі және өтініш түскен күні көрсетілетін қызметті беруші тіркейді.

10. Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында айқындалған өңірлердің халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш білдірген қандастардың өтініштеріне қоса берілген өтініштер мен құжаттарды қалыптастырады және өтініштер келіп түскен күннен кейін алты жұмыс күні ішінде қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияның қарауына қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не бас тарту туралы ұсынымдар шығару үшін жолдайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қандастарды қабылдау жөніндегі комиссия қандастардың, өтініш білдіруші қандастардың өтінішін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұсыныс шығарады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ұсынылған құжаттар бойынша дәлелді ескертулер болған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес ұсынымды алған күні көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

13. Жергілікті атқарушы орган қандастарды қабылдау жөніндегі комиссия ұсыным шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі бас тарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш беру тәсіліне байланысты мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жібереді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы берген кезде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей өтініш берушіге одан әрі беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы хабарлама не қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөніндегі бас тарту туралы шешім жібереді.

### **3-тарау. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу тәртібі**

14. "Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік қызметін алу үшін "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") және "Жарқын Болашақ" жобасының түлектерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32850 болып тіркелген) бекітілген Жұмыс іздеп жүрген адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларында көзделген тәртіппен тіркелген жұмыс іздеп жүрген адамдар және (немесе) жұмыссыздар қатарындағы, өтініш берген кезде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32880 болып тіркелген) бекітілген Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдарды ерікті түрде қоныс аудару қағидаларының 12-тармағының 4) тармақшасында және 16-тармағында көзделген мерзімдерде тұрған жері бойынша тұрақты тіркеуі бар Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "Migration.enbek.kz" порталы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Мемлекеттік корпорация Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген өтініш пен өтініш берушінің құжаттары келіп түскен күні оларды көрсететін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы жібереді.

Өтінішті қабылдаған Мемлекеттік корпорацияның маманы өтініш беруші осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерінің сапасын және олардың түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, одан кейін құжаттардың түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады.

Өтінішті қабылдаған Мемлекеттік корпорация маманы өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Веб-портал арқылы өтініш берген кезде өтінішке қол қойылады немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. "Migration.enbek.kz" порталы немесе веб-портал арқылы өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыны "Migration.enbek.kz" порталы не веб-портал арқылы "Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету туралы өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабардар етеді және көрсетілетін қызметті алушы:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген толық емес құжаттар топтамасын;

2) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) қолданылу мерзімі қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылданған күні аяқталатын құжаттарды ұсынған жағдайда;

3) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу жөніндегі шараларға қатысу құқығы болмаған жағдайда осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті беруші "migration.enbek.kz" порталы арқылы берілген өтінішті жүтінген күні тіркейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Көрсетілетін қызметті алушының және оның отбасы мүшелерінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын мәліметтер (бар болса) тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алынады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Көрсетілетін қызметті алушының қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге арналған өтініші және өтінішке қоса берілген құжаттар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік



квотасына енгізу туралы не бас тарту туралы ұсыным шығару үшін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның (бұдан әрі – Жұмыспен қамту жөніндегі комиссия) қарауына жіберіледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Жұмыспен қамту жөніндегі комиссия көрсетілетін қызметті алушылардың, өтініш білдіріп отырған қоныс аударушылардың өтініштері келіп түскен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде себептерін дәлелді негіздей отырып, қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұсыным шығарады.

Жұмыспен қамту жөніндегі комиссия қоныс аударушылардың өтініштері мен құжаттарын қарау кезінде олардың Әлеуметтік кодекстің 112-бабының 1 және 2-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Көрсетілетін қызметті алушының ұсынылған құжаттар бойынша дәлелді ескертулері болған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес ұсынымды алған күні көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімі, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім қабылдайды немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

22. Жергілікті атқарушы орган жұмыспен қамту жөніндегі комиссия ұсыным шығарған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім не осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы хабарламаны не қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту туралы шешімді жібереді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы берген кезде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей өтініш берушіге одан әрі беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі**

23. Көрсетілетін қызметті алушы ҚР ӘРПК 91-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданады. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

24. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

25. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

26. Көрсетілетін қызметті алушы ҚР ӘРПК 91-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның, лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымданады. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының атына не мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

27. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды берген өтініш берушіге шағымды қарау мерзімі ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) хабарлайды ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылған жөнінде хабарлайды.

28. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағымдану қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік орган, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) дауланатын лауазымды адам, әкімшілік акті сотқа кері қайтарып алумен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамның уәжді ұстанымын ұсынады.

29. Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган көрсетілетін қызметті берушілерге, Мемлекеттік корпорацияға және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, оның ішінде бірыңғай байланыс орталығына Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы үш жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды  
қабылдаудың өңірлік  
квотасына енгізу қағидалары  
I-қосымша  
Нысан

### Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш

(Көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

Мені/мені және менің отбасы мүшелерімді қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына қосуды сұраймын

ЖСН	
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Туған күні	
Жынысы	
Тұрғылықты мекенжайы	

Менің Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын келесі отбасылық құрам бар (қажет болған жағдайда толтырылады): зайыбы (жұбайы), өтініш берушінің ата-аналары, балалары (оның ішінде асырап алған), аға-інілері мен апа-сіңлілері (аға-қарындастары).

ЖСН	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Азаматтық	Ұлты
1	2	3	4	5	6

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін/:

\_\_\_\_\_ ;

Осымен "Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік қызметінің көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге өз келісімімді беремін.

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды қабылдаудың  
өңірлік квотасына  
енгізу қағидалары  
2-қосымша  
Нысан

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.12.2024 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

<p>"Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:</p> <p>1) Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу</p> <p>2) Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу</p>		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Әлеуметтік кодекстің 112-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында айқындалған өңірлердің халқын әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін беру мыналар арқылы жүзеге асырылады: 1) ақпараттандыру объектісі "Migration.enbek.kz" порталы; 2) Мемлекеттік корпорация; 3) веб-портал.
3	Мемлекеттік қызметтің көрсету мерзімі	14 жұмыс күні ішінде. Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты: көрсетілетін қызметті берушіде – 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 минут. Көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут, Мемлекеттік корпорацияда – 20 минут

4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін көрсету және ұсыну нысаны	Қағаз / электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесі	<p>Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не бас тарту туралы шешім.</p> <p>Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не бас тарту туралы шешім.</p> <p>веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>1) Мемлекеттік корпорацияда – Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтердің дайын нәтижелерін беру мемлекеттік корпорация арқылы дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдерінде дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа.</p> <p>2) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде өтінішті қабылдау демалыс және мереке күндерінен басқа дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі және жұма күндері сағат 09:30-дан 12:30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету</p>

нәтижелерін беру сағат 16:00-ден 17:00-ге дейін. Сәрсенбі қабылдау күні емес.

Ыстық және ылғалды климаты бар шет мемлекеттерде жұмыс кестесі жергілікті жағдайларға байланысты белгіленеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылған [www.gov.kz](http://www.gov.kz).

3) веб-порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін:

- 1) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) оның ішінде Цифрлық құжаттар сервисінен;
- 2) неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);
- 3) туу туралы куәлі (бар болса).

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен веб-порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе веб-порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда алады.

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін:

- 1) қоныс аударушының және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болса), оның ішінде Цифрлық құжаттар сервисінен;
- 2) неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

Мемлекеттік қызметтің көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі

3) білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат (бар болса);

4) еңбек қызметін растайтын құжат (болған кезде);

5) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 214 бұйрығымен көзделген Жұмыс іздеп жүрген адамдарды және (немесе) жұмыссыздарды тіркеу туралы құжат (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 маусымда № 32850 болып тіркелді).

6) отбасы мүшелерінің туу туралы куәлігі (болған кезде);

Көрсетілетін қызметті беруші цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе "Электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.

7) "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") және "Жарқын Болашақ" аталған жобаға қатысқандарын растайтын оқу орны бар анықтаманы ұсынады.

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тартудың негізі "Көші-қон туралы" Заңның 20-бабында көзделген мынадай шарттар болып табылады.

1) үміткерлердің "Көші-қон туралы" Заңның 1-бабының 13) тармақшасында белгіленген шарттарға сәйкес келмеуі, атап

Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мемлекеттік қызметтің көрсетуден бас тарту үшін негіздер

айтқанда қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

2) этникалық қазақ мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

3) қандас мәртебесін беру және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш жасаған этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкерелейтін мәліметтердің және олардың террористік немесе экстремистік ұйымдарға жататындығы туралы өзге де ақпараттың болуы;

4) этникалық қазақтың "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімінің болмауы;

5) қандастарды аумақтық-әкімшілік бірлікте қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы немесе этникалық қазақтың қоныстандыру үшін ұсынылған аумақтық-әкімшілік бірліктен бас тартуы.

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу бойынша бас тарту үшін негіздер:

1) ұсынылған құжаттарда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес шектеулі қолжетімділіктің дербес деректеріне қол жеткізуге



		<p>ұсынылатын қоныс аударушының келісімінің болмауы;</p> <p>3) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексі 112-бабының 1 және 2 тармақтарымен бекітілген шарттарға үміткердің сәйкес келмеуі.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметтің көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар</p>	<p>Заңнамада белгіленген тәртіпшен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан өтініш берушілерге мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы жүргізеді.</p> <p>Цифрлық құжаттар қызметі мобильді қосымшада авторизацияланған пайдаланушылар үшін қол жетімді.</p> <p>Субъект цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өтуі, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдауы қажет.</p>

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары  
3-қосымша  
Нысан

### Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып

"Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының №\_\_\_ бөлімі, Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган

---

Мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың көзделген тізбесіне

сәйкес қолданылу мерзімі өткен құжаттар және (немесе) құжаттар топтамасы сіздің толық ұсынбағаныңызға байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

(Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_


(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Телефон \_\_\_\_\_

Алды: \_\_\_\_\_

Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл



Басшының ЭЦҚ

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды қабылдаудың  
өңірлік квотасына  
енгізу қағидалары  
4-қосымша  
Нысан

**Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_**


**жылғы № \_\_\_\_\_**  
**\_\_\_\_\_ (Жергілікті атқарушы орган)**

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияның ұсынымына сәйкес, " Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу жөнінде оң шешім қабылдады:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Туған күні	
Жынысы	
Тұрғылықты мекенжайы	

**Отбасы мүшелері (бар болса):**

ЖСН	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Жынысы	Туыстық қатынас



**Басшының ЭЦҚ**

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды қабылдаудың  
өңірлік квотасына  
енгізу қағидалары  
5-қосымша  
Нысан

**Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту туралы шешім**

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (Жергілікті атқарушы орган)

1	Өтініш нөмірі	
2	Мәртебесі	
3	Өтініш түрі	
4	Қабылдау күні	
5	Орындалу күні	

**Көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер:**

№	ЖСН	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Жынысы	Туыстық дәрежесі
1					
2					

\_\_\_\_\_ халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияның ұсынымы негізінде "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өңірлік квотаға енгізуден бас тартады.

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу бойынша бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады: \_\_\_\_\_

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды қабылдаудың  
өңірлік квотасына  
енгізу қағидалары  
6-қосымша  
Нысан

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы ӨТІНІШ \_\_\_\_\_  
(Көрсетілетін қызметті  
берушінің атауы)**

Мені / мені және менің отбасы мүшелерімді қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына қосуды сұраймын

ЖСН	
ТАӘ (бар болса)	
Туған күні	
Жынысы	
Тұрғылықты мекенжайы	
Жұмыспен қамту санаты: 1) ) жалдамалы жұмыскер, сондай-ақ өзге де ақылы жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адам; 2) Жеке кәсіпкер; 3) жеке практикамен айналысатын адам; 4) жалдамалы қызметкерлерге жатпайтын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға; 5) шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлға; 6) ) тәуелсіз жұмыскер; 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда, Қазақстан Республикасының Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткеретін; 8) шаруа немесе фермер қожалығы нысанындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға; 9) жұмыссыз.	

Отбасының мынадай құрамы бар:

--	--	--	--	--	--	--

ЖСН	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туыстық дәрежесі	Туған күні	Азаматтық	Ұлты	Тұрғылықты мекен-жайы
1	2	3	4	5	6	7

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін/:

\_\_\_\_\_;

"Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу" мемлекеттік қызметінің көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге өз келісімімді беремін.

20 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің қолы)

\_\_\_\_\_ (Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы)

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды  
қабылдаудың өңірлік  
квотасына енгізу қағидалары  
7-қосымша  
Нысан

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтінішті қабылдау туралы № \_\_\_\_\_ хабарлама \_\_\_\_\_**

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы \_\_\_\_\_ (облыс, республикалық маңызы бар қалалар және Астана) тіркелген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

кіріс хат-хабарлар ретінде № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (күні) және заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралатын болады.

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

..) \_\_\_\_\_

Құжаттар қабылданды \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы).

\_\_\_\_\_ (қолы) / \_\_\_\_\_ (Күні)

-----

(кесу сызығы)

Құжаттарды қабылдау туралы \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хабарлама

(тегі, аты, әкесінің аты (этникалық қазақ болған жағдайда))

Туған күні \_\_\_\_\_

Тұрғылықты мекен-жайы \_\_\_\_\_

Байланыс деректері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Қолы) / \_\_\_\_\_ (Күні)

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды қабылдаудың  
өңірлік квотасына  
енгізу қағидалары  
8-қосымша  
Нысан

### Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы

### ҚОЛХАТ

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі  
Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес  
акционерлік қоғамы филиалының \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ бөлімі, \_\_\_\_\_ халықты  
әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы  
орган Мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне  
сәйкес сіз құжаттардың толық топтамасын ұсынбағаныңызға және (немесе)

қолданылу

мерзімі өткен құжаттарды ұсынғаныңызға байланысты

\_\_\_\_\_ мемлекеттік қызметтің көрсетуге

құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

құжаттардың атауы:

1) \_\_\_\_\_ ;

2) \_\_\_\_\_ ;

3).....

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

Телефон \_\_\_\_\_

Алды: \_\_\_\_\_

Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл



Басшының ЭЦҚ

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды қабылдаудың  
өңірлік квотасына  
енгізу қағидалары  
9-қосымша  
Нысан

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы ШЕШІМ 20\_\_ жыл**  
**"\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_**  
**\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті берушінің атауы)**

Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оң шешім қабылдады:

ЖСН	
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Туған күні	
Жынысы	
Тұрғылықты мекен-жайы	

Отбасы мүшелері (бар болса):

ЖСН	Т.А.Ә.	Туған күні	Жынысы	Туыстық қатынас



Басшының ЭЦҚ

Қандастар мен қоныс  
аударушыларды қабылдаудың

өңірлік квотасына  
енгізу қағидалары  
10-қосымша  
Нысан

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту туралы  
ШЕШІМ " " 20 № 20 " " №**

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)


"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

1	Өтініш нөмірі	
2	Мәртебесі	
3	Түрі қолдану	
4	Қабылдау күні	
5	Орындалу күні	

Көрсетілетін қызметті алушылар туралы мәліметтер:

№	ЖСН	ТАӘ	Туған күні	Жынысы	Туыстық дәрежесі
1					
2					
3					

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу бойынша бас тарту үшін негіз болып табылады: \_\_\_\_\_



Басшының ЭЦҚ

\_\_\_\_\_ (Қолы) / \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
міндетін атқарушының  
2016 жылғы 15 қаңтардағы  
№ 20 бұйрығына  
2-қосымша

**Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидалары**



Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.05.2024 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК